

**Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Ақпарат министрлігі арасындағы Ақпарат саласындағы ынтымақтастық бағдарламасына қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 15 тамыз N 904

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Ақпарат министрлігі арасындағы Ақпарат саласындағы ынтымақтастық бағдарламасына қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Ақпарат министрлігі арасындағы ақпарат саласындағы ынтымақтастық  
**БАҒДАРЛАМАСЫ**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Ақпарат министрлігі,

Хиджра бойынша 1420 жылға сәйкес келетін 1994 жылғы 27 қыркүйекте Джидда қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық, техникалық және мәдени салалардағы, сондай-ақ спорт және жастар істері салаларындағы ынтымақтастық туралы Бас келісімнің негізгі ережелерін басшылыққа ала отырып,

екі ел арасындағы қазіргі достық қатынастарды нығайтудың қажеттігін қуаттай отырып,  
өзара тиімді және тепе-теңдік негізде ақпарат саласындағы

ынтымақтастыққа көмектесуді ниет ете отырып,  
төмендегілер туралы келісті:

#### 1-бап

Тараптар екі мемлекеттің де қолданыстағы ұлттық заңдары шеңберінде екі ел арасындағы қатынастарды нығайту мақсатында ақпараттық ынтымақтастықтың дамуын қолдауға және арттыруға міндеттенеді.

#### 2-бап

Тараптар ақпарат алмасудың еркін таралуын өзара қолдау үшін екі елдің әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы ынтымақтастықтың барлық нысанына жәрдемдесетін болады.

#### 3-бап

Тараптар екі елдің мемлекеттік және мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің кәсіби қызметі мен Журналистер одақтары арасындағы ынтымақтастықты жолға қою үшін қажетті жағдайлар жасауға жәрдемдесетін болады.

#### 4-бап

Тараптар бұқаралық ақпарат құралдары саласында кадрларды даярлауға көмектесетін және осы салада жұмыс істейтін Тараптар мемлекеттерінің білім беру, ғылыми-зерттеу мекемелері мен ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты к ө т е р м е л е й т і н б о л а д ы .

#### 5-бап

Тараптар ақпараттық қызметтер (агенттіктер) арасында кең және еркін ақпарат алмасуға, сондай-ақ басқа Тарап мемлекетінің аумағында заңды негіздерде таратылатын теле және радио бағдарламалардың берілуін ұйымдастыруға жәрдемдесетін болады.

Тараптар осы мақсатта теле және радио бағдарламалардың өзара таралуының шарттары мен тәртібін анықтайтын жеке Келісім жасасады.

#### 6-бап

Осы Бағдарлама шеңберінде делегациялар алмасуға байланысты барлық қаржы шығыстары жіберуші Тараптың есебінен жүзеге асырылатын болады.

#### 7-бап

Тараптар өзара уағдаластық бойынша осы Бағдарламаға қажетті түзетулер мен толықтырулар енгізе алады, олар осы Бағдарламаның ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамалармен ресімделеді.

#### 8-бап

Осы Бағдарлама ережелерін түсіндіруде немесе қолдануда келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер жүргізу немесе консультациялар жолымен шешеді.

#### 9-бап

Осы Бағдарлама Тараптардың өздері қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

#### 10-бап

Осы Бағдарлама қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді.

Осы Бағдарлама бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бірі оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы басқа Тарапқа жазбаша нысанда тиісті бес жылдық кезеңнің аяқталуына дейін кемінде алты ай бұрын хабарламаса, Бағдарлама келесі бес жылдық кезеңдерге ұзартылатын болады.

Осы Бағдарламаның қолданылуын тоқтату, егер Тараптар өзгеше

көздемесе, оның қолданылуы уақытында басталған бағдарламаларды жүзеге асыруға қозғамайтын болады.

200\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қаласында екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, араб, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды және барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы, Бағдарламаның ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының Сауд Арабиясы Корольдігінің  
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық Ақпарат министрлігі үшін  
келісім министрлігі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК